ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жыл 1 тамыз № 3115-23-00-2/1542 іс Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Г.І.Бөлегенова,
сот отырысының хатшысы А.А.Узбекованың
қатысуымен, ашық сот отырысында қойылған талап бойынша азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Төле би ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
«Астана Капитал Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану

СОТҚА ҚАТЫСҚАНДАР:
талап қоюшы өкілі А.С.Ошанов

СИПАТТАУ БӨЛІГІ:

2023 жылы 14 сәуірде тараптардың арасында бағасы 6 899 999 теңгені құрайтын Төле би ауылындағы 20 көшенің жол жабынын ағымдағы жөндеу жұмысын жүргізу бойынша Құрылыспен байланысты емес жұмыстарды мемлекеттік сатып алу туралы №23 санды шарт (бұдан әрі-Шарт) жасалған.

Шарттың №1 қосымшасына сай жұмысты орындау мерзімі - жұмыс басталғаны туралы актіге қол қойылған күннен бастап 1 ай, яғни жұмыстың басталуы - 24.04.2023 жыл, аяқталуы - 23.05.2023 жыл.

Алайда, жауапкер өзіне қабылданып алынған міндеттемені мүлдем орындамаған, бүгінгі күнге мердігер жұмысты бастамаған.

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 04.08.2023

Осыған байланысты, талап қоюшы жауапкерді мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талабымен сотқа жүгінген.

Жауапкер талап қоюға пікір келтірген жоқ.

Талап қоюшы өкілі талаптарын құптап, оны қанағаттандыруды сұрады. Өйткені Төле би ауылындағы 20 көшенің жол жабынын ағымдағы жөндеу жұмыстары басталмағанын, бұл жағдай ауыл тұрғындарының наразылығын тудырғанын, жауапкер 3 айдан бері хабарсыз кеткенін түсіндірді.

Жауапкер өкілі алдыңғы сот отырысында талап қоюмен келіспей, талап қоюды қанағаттандырусыз қалдыруды сұрап, кейінгі сот отырысына белгісіз себеппен қатыспады. Оның түсіндіруінше, ол Шарт құрылғаннан кейін көлік апатына ұшырағанын, сол уақыттан бері жұмыс басталғаны туралы актіге қол қойдыра алмай жүргенін, жұмысты сол себептен бастамағанын түсіндірді.

УӘЖДЕУ БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің (бұдан әрі-АК) 272-бабына сай, міндеттеме - міндеттеме шарттары мен заң талаптарына сәйкес тиісінше орындалуға тиіс.

Шарттың 4.1-тармағына сай өнім беруші шарт бойынша өзіне алған міндеттемелердің толық және тиесілі орындалуын қамтамасыз етуге міндеттенген.

Алайда, жауапкер жол жабынын ағымдағы жөндеу жұмыстарынбүгінгі күнге дейін жүзеге асырмаған, қабылдаған міндеттемесін орындамаған, сондықтан талап қоюшы заңмен белгіленген мерзімде аталған талабымен сотқа жүгінген.

2015 жылғы 4 желтоқсандағы №434-V Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңының (бұдан әрі - Заң) 12-бабының 4-тармағының 3-тармақшасына сай, мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушылар тізілімі: өздерімен жасалған мемлекеттік сатып алу туралы шарттар бойынша өз міндеттемелерін орындамаған не тиісті түрде орындамаған өнім берушілердің тізбесін білдіреді.

Заңның 38-бабының 4-тармағына сай, әлеуетті өнім берушінің баға ұсынысын беруі оның мемлекеттік сатып алу туралы шарт жобасында көзделген талаптарды сақтай отырып, тауарды беруді, жұмыстарды орындауды, қызметтер көрсетуді жүзеге асыруға келісім білдіру нысаны болып табылады.

Яғни, жоғарыда көрсетілген заңның талаптарына сай жауапкер өзіне жүктелген міндеттемелерді орындауға келісімін білдіре отырып, орындамаған, Шарттың талаптарын бұзған, мұндай жағдайда ол мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылуы мүмкін.

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 04.08.2023
Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023, Гульжа Булегенова Г. И., 23.10.2023
3115-23-3-6/65

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің (әрі қарай-АПК) 72-бабына сәйкес әр тарап өзінің талаптарының және қарсылықтарының негізі ретінде сілтеме жасайтын мән-жайларды дәлелдеуі тиіс. Жауапкер сотта өзінің жоғарыда көрсеткен уәждерін растайтын ешқандай дәлелдер ұсынбады, көлік апатына түскені және жұмыс мерзімін ұзарту туралы тапсырыс берушіге хабарламаған, жұмыс басталғаны туралы актіге қол қоюға келмеген.

Жоғарыдағылардың негізінде, талап қою қанағаттандырылуға жатады.

АПК-нің 117-бабының 1-бөлігіне сай, жауапкерден мемлекет пайдасына мемлекеттік баж ретінде 1725 теңге өндірілуге жатады.

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226-баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Төле би ауылдық округі әкімінің аппараты» коммуналдық мемлекеттік мекемесі жауапкер «Астана Капитал Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігін мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

«Астана Капитал Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

«Астана Капитал Сервис» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінен мемлекет пайдасына 1725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге сот шығыны өндірілсін

Шешімге наразы жақтар шешім түпкілікті нысанда шығарылған күннен, ал сот талқылауына қатыспаған адамдар өздеріне шешімнің көшірмелері жіберілген күннен бастап бір ай ішінде Жамбыл облыстық сотының азаматтық істер жөніндегі апелляциялық сот алқасына Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы апелляциялық шағым беруге, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруге құқылы.

Судья **Г.І.Бөлегенова**

Шешім түпкілікті нысанда 2023 жылы 4 тамызда шығарылды.

Көшірме дұрыс.

Судья **Г.І.Бөлегенова**

Анықтама.

Шешім заңды күшіне 2023 жылы 9 қазанда енді.

Судья **Г.І.Бөлегенова**

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г.И., 04.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023 Сулья Булегенова Г.И. 23.10.2023

3115-23-3-6/65

3115-23-3-6/65

Құжатқа қол қойылған: Булегенова Г. И., 04.08.2023

Заңды күшіне енген күні: 09.10.2023, сулья Булегенова Г. И., 23.10.2023